

Азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күші жойған

Маңғыстау облысы әкімінің қаулысы 2002 жылғы 29 сәуірдегі N 85. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 30 сәуірде N 862 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 шілдедегі № 224 қаулысы.

Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 шілдедегі № 224 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Z010148_ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-11 ҚРЗ Заңына, Маңғыстау облыстық мәслихатының "2002 жылға арналған облыстық бюджет туралы" 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 16/147 шешіміне сәйкес және азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмек көрсету мақсатында, облыс әкімшілігі қаулы етеді:

1. Мыналарға бір жолғы материалдық көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

3) Еңбек кітапшасында немесе мұрағаттық анықтамада 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында 6 айдан кем емес жұмыс жасағандығы туралы жазбасы бар тыл еңбеккерлеріне, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

4) Ұлы Отан соғысында қаза болған, қайтыс болған, хабарсыз кеткен жауынгерлердің қайта некеге отырмаған жесірлеріне, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

5) Ленинград блокадасының тұрғындарына, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

6) фашистік концлагерлер тұтқындарына, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Жеңіс күніне (9 мамырға);

7) жалғыз басты 70 жастан асқан зейнеткерлерге, 2 есептік көрсеткіш мөлшерінде - Қарттар күніне (1 қазанға);

8) 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Мүгедектер күніне (жыл сайын қазан айының екінші жексенбісі);

9) 1-11 топтағы мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Мүгедектер күніне (жыл сайын қазан айының екінші жексенбісі);

10) асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде - Қазақстан Республикасы Күніне (25 қазанға).

2. Қоса беріліп отырған облыстық бюджет қаражатынан атаулы және мерекелік даталарға азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті тағайындау және төлеу Ережесі бекітілсін.

3. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (А.Баужанова) азаматтардың жоғарыда көрсетілген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті тағайындауды және төлеуді ұйымдастырсын.

4. Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтың облыстық филиалына (З.С.Молдағалиева) жоғарыда көрсетілген азаматтардың жекелеген санаттағы бір жолғы көмек алушыларының тізімін, тиісті төлемдерін қаржыландыруға арналған өтінімдерін жасау үшін қалалық, аудандық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдеріне уақытылы табыс етуді ұйымдастыру ұ с ы н ы л с ы н .

5. Облыстық қаржы басқармасы (Ж.Сәрсенқұлов) облыстық бюджетте көрсетілген мақсаттарға қаралған қаражатын уақытылы қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Облыс әкімиятының "Азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы" 2001 жылғы 27 тамыздағы N 12 және " Маңғыстау облысы әкімиятының "Азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы" 2001 жылғы 27 тамыздағы N 12 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 28 қаулыларының күші жойылған деп есептелсін.

7. Осы қаулының орындалысын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Күмісқалиға жүктелсін.

О б л ы с ә к і м і

Қ о с ы м ш а

Маңғыстау облысы әкімиятының
2001 жылғы 29 сәуірде N 85
қаулысымен бекітілген

Облыстық бюджет қаражатынан атаулы және мерекелік даталарға азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті

ЕРЕЖЕСІ

Осы атаулы және мерекелік даталарға азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті тағайындау және төлеу Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-11 Z010148_ ҚРЗ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 16/147 "2002 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне сәйкес әзірленіп жасалды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізі ұғымдар:

1) атаулы және мерекелік даталарға азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - аудандық, қалалық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері болып табылады (бұдан әрі - уәкілетті орган);

2) бір жолғы материалдық көмекті беру "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ Маңғыстау облыстық филиалы (бұдан әрі - банк) арқылы, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен банк арасында жасалған Агенттік келісімге сәйкес жүзеге асырады.

2. Атаулы және мерекелік даталарға азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық көмекті (бұдан әрі - бір жолғы көмек) төлеу жыл сайын облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті органның, қажет жағдайда, өз қызметінің шұғылданатын түрі бойынша Бір жолғы көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, қажет азаматтардың жекелеген санаттарының есебін жүргізуді жүзеге асыратын органдардан (Зейнетақы төлеу Мемлекеттік орталығының аудандық, қалалық филиалдары (ЗТМО) және басқалардан) мәліметтерді сұратуға құқығы бар.

2. Бір жолғы көмекті тағайындау тәртібі

4. Азаматтарға бір жолғы көмекті тағайындау олардың есебін жүргізуді жүзеге асыратын көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мен басқа органдардағы (ЗТМО және басқалар) құжаттар мен азаматтар санаттарының мәліметтерін тіркеу журналдарының (жеке және зейнетақылық істердің) негізінде жүзеге асырылады және банкі арқылы ақшалай сомаларды төлеу жөніндегі жұмыс кезінде қабылданған қалыпқа сәйкес тізім түрінде ресімделеді.

5. Бір жолғы көмекті тағайындауға тізімдер, оған осы кезеңде есепте тұрған, талап етілген санаттағы, оның ішінде оларға әлеуметтік қолдаудың әлде бір түрлерін төлеу уақытша тоқтатылған адамдардың шепті құрамын енгізе отырып, талап ету датасына жасалады. Қайтыс болған азаматтар мен толықтай мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрған адамдар тізімдерге енгізілмейді.

3. Бір жолғы көмекті төлеуге тізімдерді жасау тәртібі

6. Бір жолғы көмекті төлеуге тізімдерді қалыптастыру елді мекендер айырымында, банкіге сомаларды қабылдау мен алушының үйіне жеткізіп беру үшін жеке дара жүргізіледі.

7. Азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы көмекті тағайындауға уәкілетті және олардың есебін жүргізуді жүзеге асыратын орган арқылы банкіге жеке есеп шоттарға алушыларға сомаларды қабылдау үшін тізімдер құжаттық түрде 2 данада және транспорттық файл түрінде жасалады, ал сомаларды алушының үйіне жеткізіп беріп, төлеу үшін тізім - ведомостар құжаттық түрде 3 данада жасалады.

8. Өз қызметінің шұғылданатын түрі бойынша бір жолғы көмекті көрсетуге жататын азаматтар санаттарының есебін жүргізуді жүзеге асыратын басқа органдар (ЗТМО және басқалар) арқылы банкідегі жеке есеп шоттарға алушыларға сомаларды қабылдау үшін тізімдер құжаттық түрде 3 данада және транспорттық файл түрінде жасалады, ал сомаларды алушының үйіне жеткізіп беріп, төлеу үшін тізім - ведомостар құжаттық 4 данада жасалады.

9. Бір жолғы көмекті төлеуге тізімдер бойынша "БК" әріптік белгілеуі енгізіледі. Сонымен бірге оларда алушы туралы төмендегідей мәліметтер болуға тиіс:

1) азаматтардың (отбасыларының) осы санаттарының есебін жүргізуді жүзеге асыратын орган арқылы берілген жеті сандық тіркеу нөмірі;

2) салық төлеушінің тіркеу номері(СТТН);

3) әлеуметтік қолдаудың басқа түрлерін алатын адамдардың банкідегі жинағы бойынша арнаулы есепшот нөмірі;

4) банкідегі жинағы бойынша арнаулы есепшот нөмірі жоқ адамдарда "жаңа" сөзі қойылады;

5) жеке куәлігінің нөмірі;

6) тегі, аты, әкесінің аты;

7) тұрғылықты орнының мекенжайы.

10. Бір жолғы көмекті төлеуге тізімдер жасаған органның басшысы оларға қол қояды, елтаңбалық мөрмен куәландырады және оларда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапкершілік артады.

11. Өз қызметінің шұғылданатын түрі бойынша бір жолғы көмекті көрсетуге жататын азаматтар есебін жүргізуді жүзеге асыратын орган тізімдерді жасағаннан кейін бір данадан құжаттық түрде өзінде қалдырады.

Транспорттық файлды қоса алғандағы қалған даналарын бір жолғы көмекті

тағайындау жөніндегі өкілді органға береді.

12. Уәкілетті орган басқа органдар арқылы жасалған тізімдерді: олардың белгіленген қалыпқа сәйкестігі мен жиынтығын шығару дұрыстығын тексереді.

4. Бір жолғы көмекті төлеуге қаржыландыру тәртібі

13. Уәкілетті орган атаулы және мерекелік даталарға дейін 10 күн бұрын көмекті төлеуге жасалған тізімдер мен олардың жиынтық сомаларына толық сәйкестігі негізінде ақшалай қаражат сұранысына арналған өтінімді, банкіге комиссиялық сыйақыға шығындар сомаларын бөліп көрсете отырып, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына жібереді.

14. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бір жолғы көмекті төлеуге қаржыландыру үшін облыс бойынша, сондай-ақ қалалар мен аудандар айырымында жиынтық өтінімді облыстық қаржы басқармасына жібереді.

15. Осы ережеге сәйкес, шығындар сметасына сәйкес және өтінімдердің негізінде облыстық қаржы басқармасы облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына бір жолғы көмекті төлеуге қаржылар бөледі.

16. Ақшалай қаржылардың түсуі бойынша облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы оларды Халықтық банкінің облыстық филиалының есеп шотына аударуды жүзеге асырады. Осымен бір мезгілде, осы Ереженің бөлінбейтін бөлігі болып саналатын Банкпен Агенттік келісімге сәйкес төленетін сомалардың 0,6 пайызы мөлшерінде комиссиялық сыйақының сомалары аударылады.

17. Банкінің облыстық филиалының есепшотына ақшалай қаржыларды аударуға сәйкес облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бұл туралы жолғы көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті органды хабарландырады.

5. Бір жолғы көмекті төлеу тәртібі

18. Банкінің облыстық филиалы ақшалай қаржылардың түсуі бойынша бір жолғы көмекті төлеуді жүзеге асыру үшін оларды азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы көмекті төлеу тәртібі туралы Агенттік келісімнің бөлінбейтін бөлігі болып саналатын Ережеге сәйкес банкінің аудандық (қалалық) филиалдарына жібереді.

19. Уәкілетті орган ақшалай қаржыларды банкінің облыстық филиалына аудару туралы мәліметтерді алғаннан кейін, банкідегі жеке есепшотқа алушылардың сомаларын қабылдау үшін құжаттық түрде тізімдердің 1 данасы мен олардың транспорттық файлын және сомаларды алушылардың үйіне

жеткізіп беріп, төлеу үшін құжаттық түрде тізім-ведомостардың 2 данасын банкінің аудандық (қалалық) филиалына береді.

20. Алушыларға бір жолғы көмекті төлеу банкі арқылы Агенттік келісімге сәйкес жүргізіледі.

6. Есеп берушілік

21. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 жұлдызына банкінің облыстық филиалы облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасымен төленген сомалар бойынша салыстыру кесімін жасайды .

22. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жасалған қаржыландыруға сәйкес және банкімен салыстыру кесімінің негізінде облыс бойынша бір жолғы көмекті төлеу жөніндегі есепті дайындайды және оны есепті айдан кейінгі айдың 15 жұлдызына облыстық қаржы басқармасына жібереді.

7. Бақылау

23. Ақшалай қаржылардың мақсатты жұмсалуына, бір жолғы көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті органда алушылардың тізімдерінің болуына және тізімдер бойынша жиынтық сомалардың, төлем тапсырмаларындағы сомалардың теңдігіне бақылауды облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен облыстық қаржы басқармасы жүзеге асырады.